



# Ақмешіт

Аялаймын сені, Қызылорда!

10 қаңтар  
сейсенбі  
№3 (1910)  
2023 жыл

Газет  
1994 жылдың 15 сәуірінен  
бастап шығады

Қалалық қоғамдық-саяси әлеуметтік-  
ақпараттық тарихи-танымдық газет •  
E-mail: akmeshit.kz@mail.ru

## апталығы

Бүгінде қаламыздың іргесіндегі Сырдарияның жағасымен жүре қалсаңыз, өзеннің суға толғанын көре аласыз. Яғни дәл осы кезде бетін жұқалтаң мұз басқан. Өзен арнасының су тапшылығы болғанынан гөрі суға толғаны жақсы, әрине. Әйткенмен қауіп де жоқ емес...

## СЫР СУЫ – БАЙЛЫҚ,

## БІРАҚ ҚАУІПІ ДЕ ЖОҚ ЕМЕС



Мамандардың айтуына қарсақ, «Шардара» су қоймасы мерзімінен бұрын толып, көктемде апаттық жағдай болуы мүмкін. Себебі Сырдария өзенінің ағысы арта түскен. Қазір су қоймасына тәулігіне орташа есеппен 42 млн текше метр су келіп жатыр. Сондықтан көктемгі жауын-шашында су тасқыны болу қаупі жоғары.

Облыс әкімі осы мәселе бойынша тиісті сараптау жұмыстарын жүргізуді тапсырды. Өйткені еліміздегі ең үлкен су қоймасында апаттық жағдай болса, 34 мың халқы бар 22 елді мекенді су шайып кетеді. Сондықтан Экология,

геология және табиғи ресурстар министрлігіне хат жолданып, тиісті ұсыныстар жасалған.

Сала мамандары су қауіпсіздігін қамтамасыз ету мен апаттық жағдайдың алдын алу үшін Үкімет деңгейінде штаб құру керек деп санайды.

– Былтырғы осы күнмен салыстырғанда, жүз пайыз артық болып отыр. Сондықтан қазір су деңгейін Қызылорда облысына қарай біртіндеп жіберу керек сияқты, – дейді «Казгидромет» РМК облыстық филиал басшысы Махамбет Жақызбаев.

Қалай болғанда да сақтық қажет.

Ақтолық НҰРЛЫБАЙ  
Суретті түсірген Нұрболат НҰРЖАУБАЙ

2 БЕТТЕ

## ДЕКЛАРАЦИЯНЫ КІМДЕР ТАПСЫРАДЫ?

Биылдан бастап жалпыға бірдей декларация тапсырудың екінші кезеңі басталды. 2021 жылы бұған алғаш болып лауазымды мемлекеттік қызметкерлер, мемлекеттік функцияны орындауға уәкілетті және оларға теңестірілгендер мен олардың жұбайлары міндеттелді. Ал биыл кімдер тапсырады?



Биылдан бастап жалпыға бірдей декларация тапсыру бюджет қызметкерлеріне – мұғалімдерге, дәрігерлерге, спорт және мәдениет өкілдеріне, квазимемлекеттік және ұлттық компаниялардың қызметкерлеріне қатысты. Келер

жылдың 1 қаңтарынан бастап заңды тұлғалардың басшылары және олардың жұбайы, жеке кәсіпкерлер мен олардың жұбайы декларациялауға жатады.

Ресми дерек көзіне сүйенсек, жалпыға бірдей декларациялау жүйесінің

алғашқы жылына енгендер қаржы министрлігі бекіткен 250-нысан бойынша активтер мен міндеттемелер туралы декларация ұсынуға міндетті.

2 БЕТТЕ

## «СЫР ЕЛІ ЖАСТАРЫ»: БАСПАНАЛЫ БОЛУҒА МҮМКІНДІК



Ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев жастардың баспаналы болуына барынша жағдай жасалуы керектігін айтқан еді. Мемлекеттің басты міндетінің бірі саналатын бұл маңызды іс бүгінде өңірлерде қолға алынуда. Атап айтсақ, осы уақытта дейін жүзеге асып келе жатқан «Алматы жастары», «Елорда жастары» секілді бағдарламалар сол қалаларда еңбек етіп жатқан жастардың баспаналы болуына үлкен мүмкіндік еді.



– Бірінші, жас отбасылардың баспаналы болып, қоғамда әлеуметтенуі – мемлекеттің басым бағыттарының бірі. Облыс әкімінің орынбасары Мархабат Жайымбетұлы, Қызылорда қаласының әкімі Асылбек Өмірбекұлымен бірлесіп, «Сыр елі жастары» Қызылорда облысының жастарына жеңілдетілген ипотекалық несие беру бағдарламасын қабылдау бойынша 1 ай мерзімде нақты ұсыныстар енгізсін, – деді аймақ басшысы облыстық жастар форумында.

2 БЕТТЕ



## БАҒА БАҒЫНБАЙ БАРАДЫ

Елімізде жыл сайын зейнетақы, жалақы көтерілер сәтте азық-түлік бағасы шарықтап кетеді. Жо-жоқ, жыл басынан емес, жаңа жыл мерекесі қарсаңында-ақ көбі бағаны өсіріп жіберетіні белгілі. Осы күні екі адамның басы қосыла қалса, базардағы бағаны базына қылып, қымбатшылыққа

кынжылады. Өйткені «үйдегі көңіл-күйді базардағы баға бұзып» тұр.

Қысқасы, арқаны мұздатып, қалтаны қаққан нарық бағасы биліктің де, халықтың да ырқына бағынар емес.

4 БЕТТЕ

Апта жағымды жаңалықпен басталды. Осы тоқсаннан бастап аймақтағы барлық бастауыш сынып оқушыларына ыстық тамақ беріледі. Бұл жаңалық ата-аналарды да, балаларды да қуантты.



## БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНА ТЕГІН ЫСТЫҚ ТАМАҚ БЕРІЛЕДІ

Ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың 2029 жылға дейінгі сайлауалды бағдарламасы аясында 1-4 сынып оқушыларына 100 пайыз мектеп тамағымен қамту жоспарланғаны жөнінде айтылған еді. Президенттің

бұл бастамасы өз кезегінде балалардың денсаулығына, жақсы дамуына, оқу үлгерімін және әл-ауқатын жақсартуына оң әсер ететіні сөзсіз.

2 БЕТТЕ

## КОММУНАЛДЫҚ САЛА ҚЫЗМЕТІ САПАЛЫ БОЛУЫ КЕРЕК

Коммуналдық қызметінің қашанда сапалы болуы маңызды. Себебі халықтың күнделікті тұрмыс тіршілігі осы саламен тығыз байланысты. Дегенмен жауапты саланың сын сәттерде сыр беруі ел-тұрғындарына қолайсыздық танытуда. Өңірімізде ауа райының қолайсыздығынан электр ақаулары орын алып, қаланың кейбір аумағы мен бірқатар ауылдық елді мекендерде электр жарығы өшіп, нөсер жауын салдарынан тұрғын үйлердің ауласына су толған еді.

2 БЕТТЕ



# ДЕКЛАРАЦИЯНЫ КІМДЕР ТАПСЫРАДЫ?

Айта кетерлігі, жалпыға бердей декларация тапсырудың алғашқы жылында 250-нысанды толтыру тапсырылады. Мұнан кейін жыл сайын 270-нысанды толтырып отыру қажет.

Ал 250-нысанда қандай мәліметтерді көрсетесіз дегенге келсек, бұл туралы «Егемен Қазақстан» газетіне егжей-тегжейлі жарияланды. Біріншіден, мұнда Қазақстаннан тыс жерлердегі мүліктер көрсетілуі керек. Оларға жылжымайтын мүлік, жер учаскелері және жер үлестері, әуе және теңіз кемелері, ішкі суда жүзу кемелері, «өзен-теңіз» жүзу кемелері, көлік құралдары арнайы техника және тіркемелер, елден тыс жерлердегі шетелдік

Басы 1-бетте

банктердегі есепшоттардағы ақша, елден тыс жерде құрылған заңды тұлғаның жарғылық капиталына қатысу үлесі жатады. Сондай-ақ декларацияда Қазақстан Республикасындағы және одан тыс жерлердегі мүліктер көрсетілуі керек. Бұған тұрғын үй құрылысына үлестік қатысу туралы шарт бойынша тұрғын үй ғимаратындағы үлес, бағалы қағаздар, қаржы құралдары, инвестициялық алтын, зияткерлік меншік, авторлық құқық объектілері, қолма-қол ақша, басқа тұлғалардың жеке тұлға алдындағы берешегі және жеке тұлғаның басқа тұлғалар алдындағы берешегі жатады. Сонымен қатар декларацияда сенімгерлік басқаруға берілген мүлік көрсетілуі тиіс.

Айта кетелік, бірінші жылы салық төлеушілер 250-нысанды толтырса, келесі жылы 270-нысан бойынша декларация тапсырады. Кейіннен «кіру декларациясында» көрсетілген мүлік және ақша қаражаттары туралы мәліметтер ірі сатып алу немесе мәміле кезінде растау құжаттарының орнына жүре алады. 250-нысанның декларациясы жалпыға бердей декларациялау жүйесіне кірген күнге барлық активтер мен міндеттемелерді тіркеуге арналған болса, 270-нысанның декларациясында өткен күнтізбелік жылдың мәліметтерін көрсету қажет. Яғни өткен жылы не сатып алып, нені иеліктен шығарғанын түгел көрсету қажет.

Заң бойынша декларация тапсырудың екі мерзімі бар: қағаз жүзінде тапсырса, 15 шілдеден кешіктірмеу керек. Ал электронды түрде 15 қыркүйекке дейін тапсыруға болады. Декларация электронды құжатпен мемлекеттік кірістер комитетінің «Салық төлеушінің кабинеті» (cabinet.salyk.kz), электронды үкімет (egov.kz), сондай-ақ eSalyq azamat мобильді қосымшасы арқылы жіберуге болады. Ал қағазбен тапсырылса, салық органына, ХҚКО-ға немесе поштаға бару керек.

Тағы бір атап айтарлығы, декларацияны ұсынбағаны үшін әкімшілік жауапкершілік қарастырылған. Бірінші рет ескерту берілсе, екінші ретінде 15 АЕК, толық емес мәліметтерді көрсеткені үшін 3 АЕК мөлшерінде айыппұл арқалайды.

Жалпыға бірдей декларация тапсыру не үшін қажет? Көлемді экономикамен, сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресуді, бюджетке қосымша түсімдерді қамтамасыз ету мақсатында жүзеге асуда. Салық органдары салық төлеушінің бастапқы декларациясын және кейінгі декларацияларда не көрсетілгенін салыстырады. Егер азамат кіріс көздерін растай алмаса, онда ол осы сомандан салықтың 10 пайызын төлеуге мәжбүр болады. Бақылау 2025 жылдан кейін басталады. Бұл кезде халықтың барлық санаты жалпыға бірдей декларация тапсырады.

Гүлмира ДІЛДӘБЕКОВА

## БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНА ТЕГІН ЫСТЫҚ ТАМАҚ БЕРІЛЕДІ



Осы уақытқа дейін еліміздің 7 облысында 1-4 сынып оқушыларына ыстық тамақ берілетін. Жаңа жылдың жаңа оқу аптасынан бастап бұл жоба өзге де өңірлерде жүзеге асты.

Облыстық білім басқармасының берген мәліметіне сүйенсек, аймақта жекелеген санаттағы балаларды тегін тамақтандыру бойынша 2022 жылы 33 061 бала қамтылған. Облыстық бюджеттен жалпыға міндетті оқу қорынан тегін ыстық тамақпен қамтуға 2,5 млрд теңге бөлінген.

Бүгінгі таңда облыс бойынша 1-4 сынып аралығында 70863 бала білім алады. Оның ішінде қолдауды қажет ететін отбасыдан 14962 бала тегін ыстық тамақпен қамтылып келсе, 2023 жылдың 9 қаңтарынан бастап 1-4 сыныпта білім алатын қалған 55901 оқушыда тегін ыстық тамақпен қамтылуда. Бұл мақсатта бөлінген қаржы 5,1 млрд теңгені құрайды.

Білім беру ұйымдарында ас мәзірі нормалары «Әлеуметтік көмек көрсетілетін азаматтарға әлеуметтік көмектің мөлшерін, көздерін, түрлерін және оны беру қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 12 наурыздағы №320 Қаулысын басшылыққа алып жасасқандығы.

Тағам рационы Қазақ тағамтану академиясының Ұлттық салауатты тағамтану орталығы ұсынған «Мектеп оқушыларының тағам рационы бойынша бірыңғай стандарттар» әдістемелік ұсынымдарына сәйкес перспективалық маусымдық төрт апталық мәзір жасалып, салауатты тағамдар дайындалып беріледі. Мәзірді әзірлеу кезінде білім алушылар мен тәрбиеленушілердің мектептегі уақыты, жас ерекшелігі ескеріліп, витаминдік-минералдық кешенмен байытылған тамақ өнімдері көзделген.

Бүгінгі күні бір мезгіл тамақтану құны орташа есеппен 557 теңгені құрайды. Осыған

сәйкес 1-4 сыныпта білім білім алатын 70863 оқушы, 5-11 сыныпта қолдауды қажет ететін 17382 бала, барлығы 88245 бала тегін тамақпен қамтылуда. Бұл мақсатта бөлінген қаржы 7,6 млрд теңгені құрайды.

Қызылорда қаласы бойынша 55 білім беру ұйымында 29044 1-4 сынып оқушылары ыстық тамақпен қамтамасыз етілуде. Оқушыларға берілетін ас мәзірі Қазақ тағамтану академиясының Ұлттық салауатты тағамтану орталығының ұсынымына сәйкес белгіленген. Оқушыларға сапалы тағам беру ұйымдастырылуда. Тамақ беру кестесі оқу процесіне кедергі келтірмейді. Сабақ арасындағы үзілістерде тамақтанады. Жергілікті бюджет арқылы қаржыланады. Қазіргі таңда мектептер 13 кәсіпкермен тығыз жұмыс істеуде, – дейді қалалық білім бөлімінің әдіскері Нұржанат Амантаев.

Бұл жаңалыққа ата-аналар ризашылығын білдіріп, алғысын жаудыруда.

– Балалардың жақсы денсаулығының, жан-жақты дамуының кепілі – тиімді және уақытылы тамақтану екені белгілі. «Оқу жылының жаңа тоқсанынан бастап 1-4 сынып оқушылары мектептен ыстық тамақ ішеді» деген жаңалықты естіп қуанып отырмыз. Балалар да қуануда. Кейде балалар «біз де мектептен тамақ ішейікші» дейтін. Бүгінде солардың тілегі қабыл болды. Балаларға көңіл бөліп жатқан мемлекетімізге ризамыз, – дейді ата-ана Перизат Кәрімова.

Айтолқын  
БАТЫРБАЙҚЫЗЫ

Басы 1-бетте



## «СЫР ЕЛІ ЖАСТАРЫ»: БАСПАНАЛЫ БОЛУҒА МҮМКІНДІК

Өткен аптада облыстық мәслихаттың «Әлеуметтік және мәдени мәселелер жөніндегі» тұрақты комиссия отырысында осы мәселе талқыланды.

Күн тәртібіндегі «Сыр жастары» Қызылорда облысының жастарына жеңілдетілген ипотекалық несие беру бағдарламасы туралы мәселе көтеріліп қоғамдық даму басқармасының басшысы М.Қазбекова хабарлама жасады.

Басы 1-бетте

– Жас отбасылардың баспаналы болып, қоғамда әлеуметтенуі – мемлекеттің басым бағыттарының бірі. Мемлекет басшысы жастардың баспаналы болуына барынша жағдай жасалу керектігін атап айтқан еді. Осы ретте, облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев Сыр өңірінің жастарымен өткен форумда аймақ жастарын қолдау мақсатындағы бастамаларының бірі ретінде осы жобаны жариялаған болатын. Қазіргі таңда мемлекеттің басты міндетінің бірі санаған бұл

маңызды іс өңірлерде қолға алынууда. Өңір жастарын қолжетімді баспанамен қамтамасыз ету және жас отбасыларды қолдау мақсатындағы бұл бағдарлама арқылы жүздеген жастың баспана мәселесін шешу жоспарланып отыр. Бағдарламаның ережесі мен шарттарына тоқталар болсақ, жастар бастапқы жарна ретінде баспана құнының 10 пайызын салып, 19 жылға ипотекалық несие алуына болады. Жылына 5 пайыздық өсіммен 18 млн теңгеге дейін беріледі. Бағдарламаға 35 жасқа дейінгі ҚР азаматы және негізгі қатысушы ретінде тек ерлі-зайыптылардың біреуі ғана қатыса алады. Бұл ипотеканы мұғалімдер, дәрігерлер, мәдениет, спорт және әлеуметтік сала қызметкерлері, журналистер және жоғары оқу орындарының оқытушылары да ала алады, – деді М.Қазбекова.

Басты мақсат – бағдарламаның бюджетін көбейтіп, жеңілдетілген несие санын арттыру. Бұл – жергілікті жас отбасыларды, жас мамандарды қолдауға арналған тиімді әдіс.

Комиссия отырысында бұл мәселе төңірегінде депутаттар өзара егжей-тегжейлі талқылап, жастар немесе қатысуға ниеттілердің арасында түсініспеушілік туындамас үшін жобаны жан-жақты саралап, шешім қабылдауға тиіс екендерін жеткізді.

Сонымен қатар ақпараттық насихатты барынша жүргізу маңызды екендігін айтты. Жиын соңында күн тәртібіндегі мәселені бірауыздан тұрақты комиссиялардың бірлескен отырысының қарауына ұсыну туралы қаулы қабылданды.

А.АЙТЖАНОВА

## КОММУНАЛДЫҚ САЛА ҚЫЗМЕТІ САПАЛЫ БОЛУЫ КЕРЕК



Осыған орай аймақ басшысы Нұрлыбек Нәлібаев шұғыл жиын өткізіп, тиісті бөлім басшыларына жағдайды дереу ретке келтіруді тапсырған еді. Облыс әкімінің тапсырмасы негізінде сала мамандары жедел әрекет етіп, әлеуметтік нысандар мен тұрғын үйлерге жарық қосып, арнайы техникалар қала аумағын судан тазартты.

– Халықтың күнделікті тіршілігіне жарық, жылу, су керек. Өкінішке қарай, бір күн жауған

жауынның әсерінен қаланың, бірқатар аудандардың кейбір аумақтарында жарық сөніп қалды. Бұл – барлығымызға сын. Мен үнемі тіршілікті қамтамасыз ету жүйелерінің тұрақты жұмыс жасау қажеттігін ескертіп келемін. Біз желілер тозды деп қол жайып отырмай, қолдағы бар ресурстарды пайдаланып, кез келген жағдайға дайын болуымыз қажет. Әрбір қосалқы станцияның жағдайына талдау жасап, мамандардың күшімен ретке келтіру қажет. Бюджет қаражатын бекіткен уақытта қо-

салқы станциялардың жағдайын ретке келтіруге қаржы қарастырар едік. Жұмысқа немқұрайлы қарайсыздар, – деді облыс әкімі.

Халықты электр жарығы мен ауыз сумен қамту – кезек күттірмейтін мәселе. Осыған орай облыс әкімінің бірінші орынбасары Серік Қожаниязовтың төрағалығымен арнайы комиссия құрылып, ақау себептері мен оны жою жолдары бойынша шұғыл түрде ұсыныс беру тапсырылды.

Комиссия құрамына сала ардагерлерін тарту мәселесі де айтылды. Ол өз кезегінде істің жүйелі әрі тез арада шешілуіне жағдай туғызбақ.

Комиссия мүшелері қала аумағындағы бірнеше нысандарға барып, қосалқы станциялардың жағдайына бақылау жұмыстарын жүргізді. Облыс әкімінің орынбасары Мархабат Жайымбетов, қала әкімі Асылбек Шәменов, облыстық энергетика және тұрғын

үй-коммуналдық шаруашылық басқармасының басшысы Руслан Нұрмағанбетов және Қызылорда электр тарту компаниясының басшысы Батыржан Қаракөзов қала аумағында 20-ға жуық қосалқы станцияны аралап, зерделеу жұмыстарын жүргізді.

– Облыс бойынша «КРЭҚ» АҚ теңгерімінде 10 мың шақырымнан астам электр желілері мен 1800-ге жуық қосалқы трансформаторлық станциялар бар. Бүгінгі таңда осы электр қондырғыларының 70 пайызының тозығы жеткен. Алдын ала есептемелер бойынша



электр жүйелерінің тозу деңгейін 70 пайыздан 30 пайызға төмендету үшін 153 млрд теңге қаржы қажет. Бұл мәселе облыс әкімі тарапынан Үкімет басшысының назарына жеткізіліп, қолдау тапты. Бүгінгі таңда комиссия ең бірінші қажеттіліктегі қосалқы станцияларды жөндеуге қажетті қаржы бөлу үшін бюджеттік комиссияға ұсыныстар енгізу жұмыстарымен айналысуда. Сала мамандары әрбір қосалқы станциялардың жағдайын саралап, ақау актілерін әзірлеуге кірісті, – деді облыстық энергетика және тұрғын үй-коммуналдық

басқармасының басшысы Руслан Нұрмағанбетов өз сөзінде.

«Ауыл-ел бесігі» бағдарламасы аясында құны 3,4 млрд теңге болатын Жанақорған кентіндегі электр желілерін жаңғырту жобасын бастауға биыл 900 млн теңге бөлінді. Барлығы 300 км электр желілерінің 70 км ауысып, 23 қосалқы станциялар орнатылды. Бұл бағыттағы жұмыстар алдағы уақытта да тұрақты түрде жалғаса бермек.

Тұрар БЕКМЫРЗАЕВ

Басы 1-бетте





1988 жыл. Шілде. Құрманғазы атындағы Алматы консерваториясында қызметтегі уақытым. Жаз айларында экспедициялық сапарларға шығамын. Ақтөбеден мінген пойыздың Жосалыға түстім (Қармақшы ауд. оталығы). Аспан айналып жерге түскендей ыстық, сағат түскі – 14.30. Жүргінші де көп емес секілді. Әркім өз бетіне тарап жатыр. Вокзалдың ала бетіне шыққанымда талдың көлеңкесінде тұрған екі-үш адамның ішінен жігіт ағасы бір кісі:

– Оу, Алмасжан, жол болсын! – деп амандасты. Бұрылып қарасам, өзімнің нағашым Тынымбек ағамыз екен. Бұл кісі кәсібі мол, аңшы, балықшы, сал-сері кісі еді. Ер көңіл, меймандос жан. Шырын жеңгемізбен екеуі «әу» дейтін өнер адамы, жазушы, ақын болса үйіне қонаққа шақырып жібермейді. Өзім де ол кісілердің үйіне барсам марқайып, жейсін тынығамын. Қыр мұрынды, қой көзді, шашы шанышылып тіке өскен индияның киносындағы әртістерге ұқсайтын. Сөзге бай, әзілге жүйрік Тыныбек көлігіне отырғызып алып, қуаланып күліп қояды... Олжасына қасқыр соққандай көңілді.

– Ал, Қожеке, үйге барамыз – деді. Оған:

– Тыныке, бір жұмыспен келе жатырмын. Арнайы сәлем беретін екі-үш адамым бар. Білсеңіз, Сабыт ағамыздың үйіне апарыңыз. Екі-үш күн осындамын. Қалғанын сөйлесе жатармыз, – деп тоқтаттым.

– Сабыт-Сәкенді бұрын білетін бе едің? Келе жатқаныңнан хабары бар ма? – деп, бүге-шігесіне дейін сұрап жатыр.

– Арнайы сәлем беріп, бірінші келе жатырмын. Маған Кете-Шөмекейдің әр үйі өзімдікі емес пе!?:

«Екі енені тел емген,  
Күпшек санды күрөңмін,  
Төсінен тартса жетпейтін,  
Жуандықтан айылы», – деп Базар жырау айтқандай, екеуі де нағашы жұрттым, тәуекел бара көрермін деп жатырмын.

– Онда мен өзіңді сол үйден қалдырып, Шырынды жұмыстан алып үйге дайындық жасайын, Сәкенді сонда алдырамыз деп, жоспарды құрып жіберді. Өне-міне дегенде ағаш дарбазалы, үлкен үйдің алдына тоқтадық.

– Ал нағашының үйі осы. Мен жанағы жұмыстарды ұйымдастырып қайтып келемін, – деп жасыл жигулидің шаңын бүрк еткізіп кете барды. Алшағыр күннің ыстығы адам шыдаатын емес. Қолымдағы жол жүк, керек заттарымызды алып аулаға ендім. Көзге бірден шалынғаны ауаның төрінде ұзыннан салынған мал қора. Ішінде жана қырылған фермадан келген семіз қара қой, маңырап зарлап жүр. Қораның іші-сыртында жем-шөп қарасы көрінбейді. Күн ыстық, шөлдеген болар деп қойдым. Үйіге кіріп-шыққан адам қарасы көрінбеген соң кіреберіс көң дәлізге өтіп, заттарымды қойып жөткірініп белгі беріп ендім, еш дыбыс болмады.

«Кім бар-ау?», – деп дауыстадым. Тым-тырыс. Бөлмелердің бәрі тас қараңғы. Түскі шайды ішіп, салқын бөлмеге тас болып ұйықтайтын мезгіл екенін біліп тұрмын.

Біздің үлкен анамыз Сара – Құлыс Кетенің қызы. Бұл үй сол нағашыларым. Өзімнің анам Төлеу – Шөмекей Қаратамырдың қызы, жанағы Тынымбектің апалары. Бұл үйге хабарласпай келіп тұрғаным мынау. Тынымбектің желі оңнан тұрып, әңгімеге өзек болатын түріміз бар. Дәліздің оң қапталындағы ас үйден пышақ пен үлкен кесе алып, қораға кірдім. Қуалап жүріп қойды ұстап алып төрт аяғын буып, пышақты кесеге жаңып-жаңып жіберіп, іске кірістім. Бағанға іліп, терісіне қойдың қарнын түсіріп жатқанымда үйден бір әйел шығып, аң-таң болып қайта кіріп кетті. Қабырғасын сөгіп жатқанда дарбазаның алдына «Зил» машинасы келіп тоқтады. Байқаймын, Сәкен сол машинадан түсіп жатыр. Құдайдың аптап шілдесінде басында құлақшын, үстінде қарақол жаға пальто, оны

# БАТАЛЫ ЕР АРЫМАС

алқымына дейін түймелеген, қолында таяғы бар толық денелі, төртпақ ақсары адам бұрыштан есікке қарай бұрыла түсіп қорадағы оқиғаға қарап, аңтарылып тұрып қалды. Сол кезде:

– Ассалаумағалейкум! Үйлеріңізге қожа шақырып па едіңіздер? – деп сәлем бердім де, пышағымды терінің үстіне тастап қорадан шыға бердім.

Қайран аға сол кезде: «Алмасжаның ба?» – деп бөліп-бөліп айтып, қасына барған өзімді құшағына алды. Бұл кісі Сыр сұлейі Ешнияз сал, одан Кете Жүсіп, одан туган Мұзарап жырау, сол кісінің баласы – Сабыт жырау еді. (1922ж). Атақты Нартайдың концерттік бригадасының жырау, әнші, ақыны, заманының дүлдүл өнерпазы болған жан:

«Ешнияз, Жүсіп – арғы атам, Мұзарапұлы Сабытпын. Жыр жырып, жастай ән шырқап, Алғысын алдым халықтың. Нартай, Рүстембектен, Үлгі – нұсқа алыппын.

Бір жүріп өнер сапынан Талай жерге барыппын. Өлең мен өнер төрінен, Өзімді көпке таныттым. Кезінде ән мен жырыма, Көрген жоқ ешкім тағып мін. Той – думанда жыраудан, Демеуші едім «жалықтың». Орда бұзар – отыз жас, Шалқыған шағы ед шабыттың. Осылай ойын – күлкімен, Сауық-сайран салыппын. Тосыннан тамақ қарлығып, Тағдыр-ай, қатал нәліттың. Ақындық аздап болмаса, Басқа өнерден арылттың. Кеселге келген ем іздеп, Өзімді қанша сабылттың. Аяқтан қалған жүйріктің, Қайырдым, қанша қамықтың. Өткен күн қайтып оралмас, Десем де қанша сағынттың. Көрмегенге белгісіз, Сөзіңе сенер нанып кім? Себеппенен сөз бастап, Ішуге сырды ағыттым. Белгісіз өткен өмір-ай, Алыстан да асып қалыппын!? Қамын ойлап кемді- күн, Алдағы тірлік бағыттың. Бір жылдай оқып бухгалтер, Мамандығын алыппын. Отыз жылда оның да, Қыр-сырына қанықтым. Бақытты мынау заманда, Демеймін күшті сарықтың. Ұрпақтар өссе денім сау, Демеспін шаршап, шалықтың. Қанша екенін кім білсін, Алдағы көрер жарықтың? Өткен шағы осындай, «Қырылдауық Сабыттың!» – деген толғауы өзінің бүкіл өмір жолы.

Сонымен амандық-саулық сұраса қорадағы ісімді қайта жалғастырдым. Сәкен қасыма келіп отырды. Моншаға барып келе жатқан беті екен. Жеңгей зыр жүгіріп ыдыс әкеліп, қойдың етін жіліктеп, тамыр-бездерін алып қазанға сала беретін етіп, қалғанын терінің үстінен қақтап бердім. Сәкен сүйсініп басын шайқаумен отыр:

– Ай, айналайын-ай! – деп басын шайқап бүкіл денесімен бүкілдеп, сылқ-сылқ күліп қояды. Дауыстың қарлыққаны сондай, сөзін мұқият тыңдамаса бірден түсіну де қиын екен. Айтқаны:

– Бес күн болды. Әйел екеуміздің ұрысымыз – осы қой. Жем, шөп дейді. Әркімге тапсырамын. Ой, Аллаһ! Қожаға бұйырғанын қара! – деп қалтасынан орамалын алып бүкілдеп күліп отырып, көзінің жасын сүртіп қояды. Жан жүрегімен шын қуанған жанды көрдім.

Үлкен кісілер: «Біз көрген жан жыраулардың ішінде Сабыттан ән озыдырған жан болған жоқ», – деп атағы шыққан Сәкен бұл. Ертеректегі дыбыс жазбаларынан тыңдағанымда дауысы ашық, шырқау биікке шығып қайыратын қайырымдары шынында, екінің-бірінің қолынан келмейтіндей еді.

Әкесі атақты «Балымша», «Жастармыз» т.б. әндері елге тараған Мұзарап жырауды (1902-1972) 1970 жылы «Қызылқұмда» ағылшынды Иса мен Күзембай деген кісілер «Қыз ұзатар» той жасап, арнайы алдырып, Иса ақсақалдың үйінде жаз айында от жактарып, пештің түбіне үстіне тон жауып жырлатқанын көрген едім. Себебі ол кісі де тамақтан қалып тура осы кісі секілді сойлейтін. Ақ сары, апайтос, ат жакты келген қалың ақ мұрты екі ұртынан сыннық сүйем салырап отыратын кісі екен. Ел ішінде әкелі-балалы бұл кісілердің тамақтан қалуы туралы алып-қашпа әңгімелер

көп-ақ. «Бұларға жырлаған жерінен сый алған жақпайды екен», «Өздері белгілі жасқа дейін жырлайды екен» т.б. Ендігі ойым ынғайы келсе, осы сұрақтарға өз аузынан жауап алу еді. Әкелі-балалы болып Отан соғысында (1941-1945) қан кешіп оралған майдангерлер. «Шораяқ» болған тұлпардай отыз жасында дауыстан қалап, өнер өлкесінен біржола шылыбыр үзгеннен кейін, көптің бірі, қарапайым еңбек демалысындағы карт кісі болып өмір сүріп жатыр. Көз көрген жандардың жандынан да шығып кеткен. Замандастары сиреп, нардай шөгіп үйде отырып қалған уақыты екен. Ел арасы шалғай, ағайын-тума болып араласпасақ та, көңілдіме: «Ойпырмай сол кісіге сәлем беріп баруым керек еді?!», – деген ой мазалап жүретін. Халыққа атымыз шығып, «пәлі-пәлі» – деп жатқанда бізден де бұрын бұл өнердің қосын жеккен жандарға ілтипат-ізет көрсетіп жатсақ өмірге сабақ, кейінгіге өнеге болары анық-ақ қалғанын. Жерде қос көрпешенің үстінде отырған ол кісі, әуен мен жыр үзілмесін деп өзінің денесі мен жасына келмейтін жылдамдықпен диванның үстіне секіріп мінген. Жас күніндегі өзінің шабытты шағын көргендей болып отырған ағаның екі беті нартай қызарып, ырғалып отырды. Ол кісі сол диванда отыр. Сөзді көпті көрген, білімдар Тұраш аға алды:

– Ойпырмай, Алмасжан! Ел ішіндегі әңгімелерді естіп жүрміз ғой. Мына шығармаң бүтін бір заманның тарихын қамтыған, тілі бай, мазмұны мен оқиғалары шиеленісті көркем дүние болған екен. Ақсақалдарды көп тыңдадың. Қожекен әулие кісі еді. Айналайын, талап оң болсын! – деп батасын берді. Сөзді Сәкен жалғап:

– Айналайын, Алмасжан! Арқаң бар екен. Кісімен қонған екен. Бір жамың Ешнияз, Жүсіп, Тұрмағамбет өз нағашың, Оңғар мен Тұрымбет жыраулар оған қожалығын қосылып жошына келіп тұрған уақытын екен. Бірыңғай қожа болсаң бала пішіп кетер едің, – деп шаптанғып күліп жатыр. Тер жон арқамнан құйылып, бұлауға түскендей болып отырғанмын. Келесі бөлмеден киім ауыстырып, аяқ жазып кешікпей таңғы шайға отырдық. Тынымбек нағашым дастанның әсерінен аң-таң. Содан соң:

– Ал, Қожеке «Қазынаны» осы уақытқа дейін бізге неге жырламадың? Дау осыдан шығады, – деп келе жатыр еді Тұраш ақсақал (қайын атасы):

– Алмасжан, Сәкен секілді ағаларының алдынан өткізіп, сыңға салып сосын барып елге таратайын деп жүрген ғой. Онысы дұрыс, – деп толықтырды.

Содан соң Сабыт – Сәкене бұрылып: – Алмасжан, өзіміздің баламыздай болған азамат. Өнерін тыңдадыңыз. Ешнияздың қараңаңырағы осы үйі. Сәке, қолыңды жайып, енді Алмасқа бата бер?! – деді. Сәкен екі жағына кезек ырғалып, алаканын жайып білегін көтерді:

– Әумин десен маған, бата берейін саған, – деп бастап, тілек сөзін қоса айтты. Ақынжанды аға, ара-сында көңілі босап, тебіреніп отыр. «Алмасжан, халықтың баласы бол! Өнерің өрге өрлесін!» – деп батасын берді. Палуан денелі, тұтас мойын, дөңгелек жүзді, сауыт қабақ, қиық көзді, жоғарт жүрек, бекзат жан жүрегімің түкпірлері күні бүгінге дейін сайрап тұр. Енді сәлем беруге әкеміңң досы Қожакелді Жүніс Молланың үйіне қарай көлікке отырдық. «Қыран құстың баласы ұяда не көрсе – ұшқанда соны іледі», – деген бұл кісі «халық» деп сөйледі – ау! Ойлайын қалдым.

Алашқа мәлім Нартай Бекежанов пен Мұзарап Жүсіповтен тәлім алған шәкірттің тұлғасы, адами болмысы біз ойлағаннан әлдеқайда биік жан еді.

Әкеміздің «Қадірін білген жаңа адам қымбат-ау!» – деп отыратын әпсанасы тағы да есіме түсті. Қайран, Сабыт аға 1991 жылы дүниеден озды. Болашақта жыр мұрасын жинап, халыққа насихаттайтын асылдың сынығы, тұлпардың тұяғы осы кісі. Қармақшы ауданы әкімшілігі мен аудандық мәслихат депутаттарына ұсыныс Сыр сұлейі, Соғыс және Еңбек ардагері Сабыт Жүсіповке аудан орталығынан көшені атын беріп, ардақтаса ұрпаққа үлгі азаматтық іс болар еді.

Білім – шам, дарын – сұлттан, сыныш – халқын.

Ақыл – кен, кеудең – көрік жастық отың, Болғай де, енді текке талап қамшың. Тастап сөз тағтым қылып талапты ерге, Ел берген елге қорған ердің нарқын. Кемітпес керек сөзді қыштай қалап. Қайымды қара өлеңнің білсең салтын. Талантты күйме қылып максатқа жек,

Кер құнан жүйрік көңілім сен де талпын, – деп, бос тастап қайырган уақытта сөздің мәйегін айыратын Сәкеннің көзінен жас кете берді. Орамалын алып үңсіз сүртіп отыр. Кешегі Қадір жырау, Рүстембек, Дастанбек, Ібаштардың көзін көрген Тұраш ақсақалдар ой үстінде. Таң да білінді, біз де аяқтадық. Бағана қызып айтып келе жатқанда құйрығыммен жорғалап, астымадағы көпшікті ат қылып мініп Сәкеннің алдына барып-ақ қалғанмын. Жерде қос көрпешенің үстінде отырған ол кісі, әуен мен жыр үзілмесін деп өзінің денесі мен жасына келмейтін жылдамдықпен диванның үстіне секіріп мінген. Жас күніндегі өзінің шабытты шағын көргендей болып отырған ағаның екі беті нартай қызарып, ырғалып отырды. Ол кісі сол диванда отыр. Сөзді көпті көрген, білімдар Тұраш аға алды:

– Ойпырмай, Алмасжан! Ел ішіндегі әңгімелерді естіп жүрміз ғой. Мына шығармаң бүтін бір заманның тарихын қамтыған, тілі бай, мазмұны мен оқиғалары шиеленісті көркем дүние болған екен. Ақсақалдарды көп тыңдадың. Қожекен әулие кісі еді. Айналайын, талап оң болсын! – деп батасын берді. Сөзді Сәкен жалғап:

– Айналайын, Алмасжан! Арқаң бар екен. Кісімен қонған екен. Бір жамың Ешнияз, Жүсіп, Тұрмағамбет өз нағашың, Оңғар мен Тұрымбет жыраулар оған қожалығын қосылып жошына келіп тұрған уақытын екен. Бірыңғай қожа болсаң бала пішіп кетер едің, – деп шаптанғып күліп жатыр. Тер жон арқамнан құйылып, бұлауға түскендей болып отырғанмын. Келесі бөлмеден киім ауыстырып, аяқ жазып кешікпей таңғы шайға отырдық. Тынымбек нағашым дастанның әсерінен аң-таң. Содан соң:

– Ал, Қожеке «Қазынаны» осы уақытқа дейін бізге неге жырламадың? Дау осыдан шығады, – деп келе жатыр еді Тұраш ақсақал (қайын атасы):

– Алмасжан, Сәкен секілді ағаларының алдынан өткізіп, сыңға салып сосын барып елге таратайын деп жүрген ғой. Онысы дұрыс, – деп толықтырды.

Содан соң Сабыт – Сәкене бұрылып: – Алмасжан, өзіміздің баламыздай болған азамат. Өнерін тыңдадыңыз. Ешнияздың қараңаңырағы осы үйі. Сәке, қолыңды жайып, енді Алмасқа бата бер?! – деді. Сәкен екі жағына кезек ырғалып, алаканын жайып білегін көтерді:

– Әумин десен маған, бата берейін саған, – деп бастап, тілек сөзін қоса айтты. Ақынжанды аға, ара-сында көңілі босап, тебіреніп отыр. «Алмасжан, халықтың баласы бол! Өнерің өрге өрлесін!» – деп батасын берді. Палуан денелі, тұтас мойын, дөңгелек жүзді, сауыт қабақ, қиық көзді, жоғарт жүрек, бекзат жан жүрегімің түкпірлері күні бүгінге дейін сайрап тұр. Енді сәлем беруге әкеміңң досы Қожакелді Жүніс Молланың үйіне қарай көлікке отырдық. «Қыран құстың баласы ұяда не көрсе – ұшқанда соны іледі», – деген бұл кісі «халық» деп сөйледі – ау! Ойлайын қалдым.

Алашқа мәлім Нартай Бекежанов пен Мұзарап Жүсіповтен тәлім алған шәкірттің тұлғасы, адами болмысы біз ойлағаннан әлдеқайда биік жан еді.

Әкеміздің «Қадірін білген жаңа адам қымбат-ау!» – деп отыратын әпсанасы тағы да есіме түсті. Қайран, Сабыт аға 1991 жылы дүниеден озды. Болашақта жыр мұрасын жинап, халыққа насихаттайтын асылдың сынығы, тұлпардың тұяғы осы кісі. Қармақшы ауданы әкімшілігі мен аудандық мәслихат депутаттарына ұсыныс Сыр сұлейі, Соғыс және Еңбек ардагері Сабыт Жүсіповке аудан орталығынан көшені атын беріп, ардақтаса ұрпаққа үлгі азаматтық іс болар еді.

Білім – шам, дарын – сұлттан, сыныш – халқын.

Алмас А.МАТОВ,  
Қазақстанның мәдениет қайраткері, жырау

## РУХАНИЯТ

## АҚМЕШІТ АПТАЛЫҒЫ

№3 10 қаңтар, 2023 жыл

Ағаш қуыршақтар дегенде, Пиноккио мен Буратино еріксіз есіне түседі. Бала күнгі достарымыз болған соң ба екен, кім білсін?! Пиноккио – итальяндық жазушы Карло Коллодидің 1883 жылы жарыққа шыққан «Пиноккионың оқиғалары» ертегісінің кейіпкері болса, Буратино – орыс жазушысы А.Н.Толстойдың 1936 жылғы «Алтын кілт немесе Пиноккионың шытырман оқиғалары» ертегісінің басты кейіпкері. Бастапқыда А.Н.Толстой 1923 жылы Н.И.Петровская жасаған Коллоди ертегісінің аудармасын өңдеді. Түпнұсқадан біраз ауытқыған шығармада итальяндық шындық орыс мәдениетімен ауыстырылып, басқа бағытта өрби бастады. 1933 жылы А.Н.Толстой «Деттиз» баспасымен аударманы толыққанды әңгімеге айналдыру туралы келісім жасайды және оны 1935 жылдың тамызына дейін аяқтайды. Нәтижесінде 1936 жылы түпнұсқалық шығармадан ауытқыған А.Н.Толстойдың бөлек толыққанды шығармасы ретінде қайта басылады. Ал енді ойланыз! Пиноккио XIX ғасырдың аяғында К.Коллодидің фантазиясымен дүниеге келсе, Буратино – XX ғасырдың басындағы прототипі Пиноккио болып табылатын кейіпкер. Бұл – Совет уақытында дүниеге келген балалардың, яғни біздердің балалық шақта оқыған шытырман әңгімелеріміз бен көрген мультфильмдеріміздің кейіпкерлері. Негізі, әлемде әр елде өздеріне тән ағаш қуыршақтары болған десек те, осы бір ағаштан жасалған қуыршақтардың әлқисса тарихы түркі әлемінде жатқанын бірі білсе, бірі біле бермес.

# ОРТЕКЕ — ҚУЫРШАҚ ӨНЕРІНІҢ ТӨРЕСІ

Әңгіме үш мың жылдық (кей әдебиетте бес мың жылдық) тарихы бар қуыршақ өнерінің бастауында тұрған Ортеке туралы болмақ. Өткен жылы Марокконың астанасы Ракат баласында өткен ЮНЕСКО-ның материалдық емес мәдени мұраны қорғау жөніндегі үкіметаралық комитеттің 17-сессиясында 46 номинация қаралып, 20-сы ұйымның репрезентативтік тізіміне енгізілді. Соның ішінде «Ортеке» бii мен Қожанасырдың әзіл әңгімелері де бар.

Қызылорда облыстық тарихи-өлкетану музейі ортекені «Археология және этнография» бөлімінің этнографиялық ғылыми-зерттеу жұмыстары нәтижесінде арнайы тапсырыспен жаңғыртты. Музей директоры Сапар Көзейбаевтың қолдауымен Сыр елінің тумасы, елге белгілі ұста-шебер Бекзат Жақыпов ұлттық құндылық – ортекені этнографиялық негіздемелерге сүйене отырып жасап шықты. Қазіргі таңда ата теке, әке теке және бала теке «Этнография» залының төрінде домбыраның күйіне билеп, келушілерді таң тамаша қалдыруда.

Итальяндық К.Коллоди ертегісінің сюжеті бойынша, ағаш ұстасы Антонио ерекше бекетсіз кездестіреді, шебер оны өңдеуге тырысқанда, бөрене келеттен «қытығым келіп жатыр» деп шағымдана сөйлей бастайды. Антонио оны досы Гепеттоға беруді шешеді. Ол кішкентай бала-ның бөренеден жасап, Пиноккио (итальян тілінен «қарағай көзі» деген мағынада) деп ат береді. Ағаш қуыршақ сөйлей және жүре алатындығымен қатар, біреуді алдаса, мұрны өсетіндігімен ерекшеленеді. Буратино да - осы ертегі желісінің көшірмесінен туындаған образ. «Буратино» итальян тілінен аударғанда «ағаш қуыршақ» деген мағынаны береді. Өу бастағы К.Коллодидің фантазиясынан туындаған осынау образ А.Н.Толстой шығармасында көрініс табады.

Енді ойланыз! Бүкіл әлемді тамсандырған ұзын мұрынды қуыршақтарға тек сіздің қиялыңызда ғана жан бітеді. Тек сіздің ойыңызда ғана сөйлейді, қимылдайды, тіпті ән айтады. Ал ортеке ше? Ағаш текелер көзіндізді жұмып, қиял әлеміне еніп, тау-тас аралап жүрсеніз де, қасыңызда секіріп жүреді, көзіндізді ашып қарасаңыз да, дәл алдыңызда тақ-тақ етіп секендеп тұрады. Керемет, иә?! «Көзімді ашсам да, жұмсам да көрем сені...» дегеннің дәл өзі! Қазіргі қуыршақ театрларындағы жіпке байлау арқылы басқарылып жүрген қуыршақтар «ортекеден» бастау алған дегенге сенбеске болмайды.

Ортеке арнайы жасалған тұғырға орна-тылып, домбырашының саусағына жіппен байланады. Күйші аспапта ойнай бастағанда, саусақ қозғалысымен ағаштан жасалған тау еркелері әсем биге баса жөнеледі. Ата теке, әке теке және бала теке домбыраның күйіне билеп, домбырада енді ойнай бастаған жастарды шабыттандырады, қызығушылығын оятады және ойын-сауықтың сәнін кіргізіп, әдемі көңіл-күй сыйлайды.

Ортеке туралы халық арасында әдемі аңыз сақталған. Ертеде саусағынан саз өрген дала күйшісі болыпты. Бұл адам тек домбыра шаңағынан күй төккен өнерінен басқа ши үстінен шіркей атыр мерген де болған екен. Күндердің күнінде күйші аң аулап жүріп, бір салмаудағы кішкене тастың үстінен қызғылт күрән жүні күн нұрымен күндіздей жалттырап, құлпырып тұрған тауешкінің маркасын көреді. Тауешкі маркасының тас үстінде бұныдары сыртылдап, сылқылдап, ойнақ қағып, еш нәрсені қаперіне алмай қамсыз, қайғысыз билеп тұрғанын көріп, қызғыға қарап қалады.

Марканың табиғатқа деген мұндай еркелігін көрген аңшы қорамсаққа салған қолын еріксіз кейін тартып, садағын мойнына іліп, келген ізімен кері қайтады. Ауылына келген соң сазгердің көңілін тербеген

марканың қимылы домбыра шаңағынан «Ортекенің ойнауы» атты күй болып төгіледі. Содан кейінгі жерде күйші ағаштан ойып, өрнектеп марка бейнесін жасайды да көпшілік арасында шертеді. Марканың тірі бейнесін көргендей болған қалың қауым күйші шеберлігіне ерекше сүйсінеді. Осыдан бастап ауылдың басқа күйшілері де ортекені ойнатуды бастайды.

Қызылорда облыстық музейі қайта жаңғыртқан ортекенің тұғыры ағаштан құрастырылып, айналасы оюланған қалың матанмен көмкерілген, беткі жағына түрлі тау-төбе бейнелері ойылған. Әшекейленген тұғыр ішіне ортасынан темір сым өткізілген тақша орнатылған. Темір сымның екі шеті иіліп, біріне қуыршақтар бекітіліп, біріне домбырашының саусағына ілінетін жіп жалғанған. Тұғыр тесіліп, жіп сыртына шығарылған. Жіпті тартқан кезде темір сым қозғалып, ортеке қуыршақтары билей бастайды. Қуыршақтардың тепе-теңдігін сақтау үшін бауырынан ілінген сым темір қуыршақтар жан-жаққа ауытқымайтындай өлшемде қас ортасына орналастырылған. Тау текелерінің басы, сирақ бұныдары бөлек-бөлек жасалып, майда штегмен жалғанып, тұғырда билей

түскенде сарт-сұрт еткен

тау текелерінің жүрісін айқын береді. Қазіргі таңда күй тарту өнеріне әр беріп, жана үйреніп келе жатқан жас балалардың домбыраға деген қызығушылығын арттыруға көмектесіп келе жатқан ортекенің әу бастағы қызметі тым бөлек болған көрінеді. Аңшылардың аңға шығар алдында жасайтын сакралды рәсімдерінің бірі - ағаш жануарларды арнайы постанентте ойнату. Ағаш қуыршақтардың қозғалып-билеуіне байланысты аңшылар олжалы не олжасыз қайтатындығын болжап отырған. Кейін отырықшылыққа көшкен халық арасында осы бір киелі рәсім музыка өнерінің атрибутына айналғанға ұқсайды. Домбыра пернесіне дәл түседі, күйді жылдам ырпақпен ойнауды талап ететін ортеке осы күнге дейін жастардың күй өнеріне тез машықтануына көмектесіп келді. Текелердің әсем биін көрсеткің келсе, жоғарыдағы талаптарды дәл орындау керек-тің. Кішкентай бұлдіршіндерге ғажайып сиқырлы сезім сыйлау мақсатында ортеке жібін көрегенің көзінен өткізіп, балаларға көрсетпей күйші сыртта ойнап отыратын. Ал тау текелері таңғажайып сиқырмен өздері билеп тұрған әсер қалдыратын.

## СЕНБІДЕГІ СЕРГЕЛДЕН...

Өткен аптаның сенбісінде халық көп жиналатын ескі базар мен біршама сауда орындарын аралап, бағаларды бағамдап, ондағы тұрғындармен тілдескенді жөн көрдік. Бүгінде қызылордалықтардың көпшілігі азық-түлікті ескі базар айналасындағы «Асқар», «Отырар» және «Ажар» секілді сауда орындарынан алады. Бірақ бұл жақтағы бағалар әртүрлі. Мәселен, ең маңызды деген азық-түлік түрлеріне тоқталсақ, сыыр етінің келісі – 2000, жылқы еті – 2200-2300 теңгеден жоғары. Картоп – 200-ден басталса, жуа – 180, сәбіз – 200, 25 келілік жоғары сортты ұн – 6500, 7000 теңге аралығында болса, 5 литрлік күнбағыс майы – 4500 теңгеден басталады.

Екінші қыры – қымбатшылық. Расында, қазіргі қоғамдағы қайыршылық, жұмыссыздық, кедейлік, қаржылық дағдарыстан туындайтын әлеуметтік құбылысқа бағаның қымбаттауы да қосылып, онсыз да әбден титықтаған халық зардабын тартып, шаршап жүргені байқалып-ақ тұр.

## БИЫЛҒЫ БАҒА БОЛЖАМЫ ҚАНДАЙ БОЛМАҚ?

«Сарапшылар 2023 жылы доллар 497,1 теңгеге дейін қымбаттауы мүмкін деген болжам жасауда. Жаһандық экономикалық өзгерістер тікелей халықтың күнделікті күн-көрісіне әсер ететіні сөзсіз. Қазақстандықтарды алаңдатқан азық-түлік пен тұрмыстық қажеттіліктер қымбаттайды», – деп хабарлайды El.kz ақпараттық агенттігі.

– Өзім зейнеткермін. Апта сайын «Асқар» сауда дүкенінен және ескі базардан азық-түлік аламын. Басқа сауда орындарына бара қоймаймын. Себебі қалта көтермейді. Биыл жыл басынан бағаның өскені едәуір байқалады. Дегенмен жаңа жыл қарсаңында баға тіпті өсіп кетіп еді. Жалпы біз сияқты зейнеткерлер үшін азық-түлік бағасының арзан болғаны жақсы. Өйткені қымбатшылық қарапайым халыққа қиын болып тұр, – дейді қала тұрғыны Айткүл Жамалбекова.

Әсіресе бағаның шарықтауы көпбалалы отбасыларға оңай тиіп жатқан жоқ.

– Қазір арзан бағаны көрмедім. Бір жалақымен өмір сүретін біз сияқты адамдар үшін қымбатшылық қиынға соғуда. Мен жеке шаруашылықта жұмыс істеймін, темір



Негізгі «Асқар» көтерме сауда дүкенінде халық қарасы өте көп екенін байқадық. Себебі бұл жақ қарапайым тұрғындардың қадесіне жарап тұр. Мұндағы баға тиімді, қалтаға қонымды. Ал сатушылардың айтуына қарасақ, соңғы жарты жылда күріш, қарақұмық, макарон өнімдері, тауық еті, жұмыртқа, күнбағыс майы, айран мен сүт және шайдың бағалары айтарлықтай өскен.

Сонымен қатар балықтың бағасы да көтеріліпті. Қанша қымбаттаса да етсіз отырмайтын қазақ арасында балықты да жақсы жейтіні белгілі. Осы орайда біз «Алтын балық» дүкеніне де бардық. Бұл жақтағы балықтың келісі 1800-ден басталды.

– Демалыс күні балық алайын деп екеуін өлшетсем, 8 мың теңгенің үстіне шықты. Қайтадан ойланıp, бір шағын балықты ғана алуыма тура келді. Енді балықты аптасына емес, айына бір рет жейтін шығармыз. Баға күн сайын қымбаттап барады. Ендігі жерде халық ысырапшылыққа жол бермей, үнемділікті үйренуіміз керек шығар, – дейді тұрғын.

«Үркер үйден көрінсе, үш ай тоқсан қысың бар» демекші, бала күнімізде әр отбасы азық-түлікті қаптап сатып алатын да, көңілі жайланып жүретін. Қазір қаптап алатындар қатары мүлдем сиреп кеткенге ұқсайды. Себебі де белгілі. Өйткені екінші бірінші әлеуметтік, қаржылық жағдайы көтере бермейді. Сол себепті азық-түлікті там-тұмдап алуға тура келеді. Әрине, қағанағы қарқ, сағанағы сарқ тұрмыс кешсе өйтпес еді ғой. Оның тағы бір себебі – жұмыссыздық, табыс көлемінің аздығы.

Басы 1-бетте

Бағаның шарықтап өсуімен ең төменгі күнкөрістің өзі бір апталық азыққа жетпейді. Аталған мәселе бірінші кезекте халықтың ең осал топтарына зиянын тигізеді. Мемлекеттік бюджет бірқалыпты айналымда болғанымен, жаһандық тауар нарығы мен АҚШ-тың жоғары мөлшерлеме саясатының жағдасуы теңгеге қысым көрсетуі мүмкін екендігін елдегі экономистер ашық айтады.

## ТҰРҒЫНДАРДЫ ТОЛҒАНДЫРЫП ТҰР

Халық сауда орталығы мен дүкен сөресіндегі бағаға тәуелді. Өссе, бір қайыры болар десе, бағаның арзандағанын көргенде қуанады. Бірақ бағаның өскенін көрсек те, төмендегенін көрмедік. Әйтеуір баға бұлданып, ақша құнсызданып барады.

Сауда орындарына бара қалсаңыз, баға қалтаны қағады. Бағаның ырық бермей келе жатқанына да сан мәрте шүйліксек те, нәтиже шығар емес. Бір сөзбен айтқанда, дәл қазір қолының майын мәсісіне сүртіп отырған ешкім жоқ. Бұл жайында қала тұрғындарының өздері айтсын.

### Тіліші түйіні:

Иә, біз мың өліп, мың тірілген қазақ не көрмедік? Бұдан да қиын-қыстау кезеңдерді бастан өткердік. Сол сын сағаттар, сол қиындықтар қайталанбау үшін бүгін дұрыс бағыт ұстап, еңбек етуіміз керек. «Керей қайда барасың, Сырдың бойын көбелеп? Сен қашсаң да, мен қойман, Арғымағым жебелеп...» деген екен сондай бір ауыр кезеңдерде елді бірлікке шақырған абыз бабамыз Бұқар жырау. «Әр заманның айтар өз зары бар» демекші, бүгінгі күні сол Бұқар бабамыздың сарынымен «Баға қайда барасың, қалтамызды тақырлап?» демексе шарамыз жоқ. Жалынды жырмен қатыгез нарықтың «жүрегі» жылытамыз деу бос әурешілік, әрине. Оған жібіп, ырыққа көне салатын бағаны көре қоярымыз да неғайбыл-ау...

Өйткені бағаның қашан тұрақтанары белгісіз. Ал өскен бағаның қайта түспейтіні де белгілі.

Ақтолқын НҰРЛЫБАЙ

## ҚҰРМЕТ

Өткен аптада қала әкімі Асылбек Шәменов халыққа қызмет көрсету саласында өзіндік қолтаңбасын қалдырған ардақты азамат, іскер ұйымдастырушы Бердіхан Исмағұлұлының еске алуға арналған дәстүрлі облыстық шағын футбол турнирінің ашылу салтанатына қатысты.



# ӨНЕГЕЛІ ӨМІР ЖОЛЫ



Бердіхан Лесханұлының туыстары мен достары, әріптестерінің ұйымдастыруымен биыл 5-ші мәрте жалауын көтерген доп додасына 40 жасан асқан әуесқой ойыншылар бақ сынасты. Еңбек ұжымдарын достыққа, бұқаралық спортты дамытып, салауатты өмір

салтын ұстануға үндейтін дәстүрлі турнирді ашқан қала әкімі А.Шәменов атпал азаматтың өнегелі өмір жолын тілге тиек етіп, жарысқа қатысушы командаларға сәттілік тіледі.

«Ақмешіт-ақпарат»

## БРИФИНГ

Жеке тұлғалар 3 наурыздан бастап банкроттыққа өтініш бере алады. Бұл туралы қала әкімінің баспасөз орталығында өткен брифингте Қызылорда қаласы бойынша Мемлекеттік кірістер басқармасының басшысы Берік Ниеталиев айтты.



# БАНКРОТТЫҚ ТУРАЛЫ ЗАҢ: ӨТІНІШ 3 НАУРЫЗДАН БАСТАП ҚАБЫЛДАНАДЫ



Брифинг барысында аталған заң жобасының негізгі кағидалары, заңда көзделген рәсімдердің 3 түрі соттан тыс банкроттық, сот банкроттығы және төлем қабілеттілігін қалпына келтіру туралы айтылды.

– Рәсімдеудің үш түрі де қарыз алушының бастамасымен ғана жүзеге асады. Яғни банк борышкердің келісімінсіз банкроттыққа өтініш бере алмайды. Рәсімді қолдану барысында азаматқа бірқатар шектеу енгізіледі. Мәселен, соттан тыс банкроттық рәсімі арқылы өзін банкрот деп жариялаған азамат 5 жыл көлемінде несие ала алмайды және 7 жылдан кейін ғана банкроттыққа қайта жүгіне алады. 3 жыл ішінде мүлікті сатып алуды бақылау

жүргізіледі. Ал сот банкроттығы рәсінде азаматқа шетелге шығуға тыйым салынып, қарыз алу, кепілдіктер мен кепілгерлік беру бойынша мәміле жасауға тыйым салынады. Бұл заң заңды тұлғаларға және жеке кәсіпкерлерге қолданылмайды. Қазіргі таңда Қызылорда мемлекеттік кірістер басқармасының мамандары аталған заңның нормаларын түсіндіру мақсатында қаламыздың адам көп шоғырланатын орындарында, аялдамаларда, халыққа қызмет көрсету орталықтарында, екінші деңгейлі банктерде түсіндірме жұмыстары жүргізілуде, – деді спикер.

«Ақмешіт-ақпарат»

Меншік несі:



жауапкершілігі  
шектеулі серіктестігі

Бас директор  
Аманжол ОҢҒАРБАЕВ

Қызылорда қалалық «Ақмешіт  
апталығы» газетінің редакциясы

Бас редактор  
Азиз БАТЫРБЕКОВ

Телефондар:

Бас директор - 40-11-10, 70-11-36 (факс)  
Бас редактор - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1009)  
Қабылдау бөлмесі - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1023)  
Бас редактордың орынбасары - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1022)  
Жауапты хатшы, бөлімдер - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1013, 1018, 1021)

Газеттің негізін қалаған Әділхан БӨЙМЕН

Мекен-жайымыз: 120008, Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4, Т.Жүргенов атындағы Шығармашылық үйі.

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігі Ақпарат комитетінде 2019 жылдың 16 сәуірінде қайта тіркелген. Тіркеу куәлігі №17657-І.  
«Ақмешіт апталығы» қалалық газеті КР СТ ISO 9001:2016 (ISO 9001:2015) «Сапа менеджменті жүйелері» талаптарына сәйкес КЗ. 4310318.07.03.01178 нөмірімен сертификатталған.  
Аптасына 2 рет, сейсенбі, сенбі күндері шығады.  
Жарияланған материалдарды пікірлер редакция көзқарасымен сәйкес келе бермейтіні, деректер мен мәліметтердің нақтылығына автордың, хабарландыру иесінің жауапты екендігі ескертіледі.  
Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет редакцияның компьютер орталығында тіреліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылады. Тел: 8(7242) 40-06-68

Газеттің таралымы бойынша 70-14-08 телефонына хабарласуға болады.

Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі 4 А.

Таралымы 2737

Тансырыс №36

Нөмірдің кезекші редакторы Ақтолқын НҰРЛЫБАЙ